

## Мемлекеттік материалдық резерв туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы N 106 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 11.04.2014 № 188-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервін қалыптастыру, сақтау және пайдалану саласында қоғамдық қатынастарды реттейді және оларды басқарудың негіздерін белгілейді.

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) азайтылмайтын запас – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары запасының тұрақты сақталатын көлемі;
- 2) броньнан шығару – материалдық құндылықтарды кейіннен қайта салмай не оларды кәдеге жарату (жою) мақсатында, сондай-ақ ізгілік көмек көрсету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау үшін материалдық құндылықтарды кейіннен сала отырып, мемлекеттік материалдық резервтен шығару;
- 3) жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындау, бейбіт уақытта ізгілік көмек көрсету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау үшін қажетті және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметінде пайдаланбайтын шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнайы құралымдардың материалдық-техникалық құралдары;
- 4) материалдық құндылықтар – уәкілетті органның алдына қойылған міндеттерді қамтамасыз ету үшін қажет, номенклатурасын (тізбесін және көлемін

) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тауарлар;

5) материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке беру – материалдық құндылықтарды сатып алу және (немесе) оларды мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттеріне тиеп жөнелту ( ж е т к і з у ) ;

6) материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке салу – материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервте сақтау үшін қ а б ы л д а п а л у ;

7) материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтен шығару – материалдық құндылықтарды жаңарту, қарызға беру, броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен алып қою;

8) материалдық құндылықтардың орнын ауыстыру – материалдық құндылықтарды тиеу мен түсіруді қоса алғанда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтайтын бір пункттен басқа пунктке материалдық құндылықтарды тасымалдау;

9) мемлекеттік материалдық резерв (бұдан әрі – мемлекеттік резерв) – жұмылдыру мұқтаждарына, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдауға, ізгілік көмек көрсетуге және нарыққа реттеушілік ықпал жасауға арналған материалдық құндылықтар запасы;

10) мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қарызға беру – мөлшері мен сапасы бірдей, ұқсас материалдық құндылықтарды белгілі бір шарттармен мемлекеттік резервке кейіннен қайтара отырып, материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығару;

11) мемлекеттік резервті жаңарту – мөлшері бірдей және сапасы ұқсас материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервке бір мезгілде немесе уақыт өткізіп салған кезде оларды сақтаудың белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару;

12) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар ;

13) операция жасау – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын беру , с а қ т а у ж әне ш ы ғ а р у ;

14) сақтау нормативтері – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын ұстау және сақтау шарттары жөніндегі техникалық нормативтер м е н т а л а п т а р ;

15) тапсырысты орналастыру – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік резервтің

материалдық құндылықтарын беру және шығару үшін өнім берушілер мен  
т ұ т ы н у ш ы л а р д ы т а н д а у ;

16) уәкілетті орган – атқару және бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік резерв жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

## **2-бап. Мемлекеттік резерв туралы заңдар**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік резерв туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының мемлекеттік резерв туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Мемлекеттік резервтің мақсаты**

М е м л е к е т т і к р е з е р в :

- 1) жұмылдыру мұқтаждарын қамтамасыз ету;
- 2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз е т у ;
- 3) ізгілік көмегін көрсету;
- 4) рынокқа реттеушілік ықпал жасау мақсаттарында құрылады және п а й д а л а н ы л а д ы .

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

## **4-бап. Мемлекеттік резерв жүйесі**

Мемлекеттік резерв жүйесін уәкілетті орган және оған ведомстволық бағынысты ұйымдар құрайды.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

## **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік резервке жалпы басшылықты жүзеге асырады және оны дамытудың бірыңғай саясатын айқындайды;
- 2) мемлекеттік резервті құрады;
- 3) мемлекеттік резерв жүйесінің құрылымын ұсынады;
- 4) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару және қарызға беру тәртібімен шығару туралы шешім қабылдайды;
- 5) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасын және сақтау көлемін бекітеді;
- 6) қажет болған жағдайда мемлекеттік резервке белгіленген мөлшердің үстіне материалдық құндылықтарды республикалық бюджет қаражаты есебінен

қосымша салу туралы шешім қабылдайды;

7) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.

8) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операция жасаудың тиісті ережелерін бекітеді;

8-1) нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдаланған жағдайда материалдық құндылықтарды алушылардың – сауда қызметі субъектілерінің тізбесін, сауда үстемесінің көлемін, бағасын және мөлшерін, сондай-ақ осы тізбеге енгізілетін сауда қызметінің субъектілерін іріктеу критерийлерін айқындайды;

9) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.

10) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.

11) мемлекеттік резервті сақтауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге шығындарды өтеудің, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою, рынокқа реттеушілік ықпал жасау және ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары үшін залалдарды өтеудің тәртібін айқындайды;

12) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауға арналған объектілерді орналастыру және салу жөнінде шешімдер қабылдайды;

13) мемлекеттік резервтің жаңартылуға жататын материалдық құндылықтарын басқа мемлекеттік органдардың балансына беру туралы шешім қабылдайды;

14) мемлекеттік резервтің дебиторлық берешегін есептен шығару тәртібін айқындайды;

15) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183, 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.**

### **6-бап. Орталық атқарушы органдардың мемлекеттік резерв саласындағы өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік резерв саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау үшін ұйымдардың тізбесі жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олармен мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды жеткізу және сақтау үшін шарттар жасасуға жәрдемдеседі;

3) материалдық құндылықтарды жеткізу мен салуға және оларды сақтауға

ұйымдарға ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

4) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қарызға беру және броньнан шығару туралы уәкілетті органмен келісе отырып, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183, 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.**

#### **7-бап. Уәкілетті орган**

Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік резерв жүйесін басқаруды жүзеге асырады, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру, сақтау, толықтыру, орнын ауыстыру, жаңарту және нысаналы пайдалану кезінде осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды жеткізуге тапсырыстарды орналастырады;

6) материалдық құндылықтарды (жаңарту тәртібімен) мемлекеттік резервтен шығару және оған жеткізу туралы шешім қабылдайды;

6-1) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері бейінін өзгерткен, қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

6-2) мемлекеттік резервтің номенклатурасын толықтыру мақсатында жұмылдыру резервінің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

7) жұмылдыру дайындығы жөніндегі уәкілетті органмен және қорғаныс саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін жасайды және б е к і т е д і ;

8) мемлекеттік резерв жүйесінің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды жүзеге асырады;

9) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыруды,

есепке алуды, олардың сан және сапа жағынан сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді; сақтау пункттерінде сақталатын материалдық құндылықтардың сақталуына тексерулер (тексерістер) жүргізу туралы шешім қабылдайды; тиісті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мен мамандарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексерулер (тексерістер) жүргізуге тартады; мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібінің бұзылуына кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін тексерулердің (тексерістерін) материалдарын құқық қорғау органдарына жібереді;

10) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен жасалатын операцияларға қатысушылармен шарттардан туындайтын талаптар бойынша борыш пен тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды заңдарға сәйкес жүзеге асырады;

11) заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183, 2010.02.03 № 248 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.07.15 № 334-IV; 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### **8-бап. Мемлекеттік резервті қаржыландыру**

1. Мемлекеттік резерв жүйесін қамту мен дамытуға, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жасауға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауға және олармен операциялар жасауға, сондай-ақ мемлекеттік резервтің алдына қойылған міндеттерді орындауға жыл сайын бөлінетін қаражат мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

### **9-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының құқықтық мәртебесі**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қорлары, олардың сақталған жеріне қарамастан, республикалық меншік болып табылады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері болып табылатын ұйымдарды шетел қатысатын ұйымдардың сенімгерлік басқаруына берген немесе оларды шетел қатысатын ұйымдар жекешелендірген жағдайда материалдық құндылықтар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құпиялылық режимі сақтала отырып, басқа ұйымдарға

о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

#### **10-бап. Мемлекеттік резервтің азайтылмайтын қоры**

Мемлекеттік резервтің құрамында материалдық құндылықтардың азайтылмайтын қоры (оларды сақтаудың тұрақты өзгертілмейтін көлемі) жасалады. Мемлекеттік резервтің азайтылмайтын қорында сақталуға тиіс материалдық құндылықтардың мөлшерін, сондай-ақ оны пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **11-бап. Мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды жеткізіп беруге тапсырыстарды орналастыру**

1. Мемлекеттік резервке материалдық құндылықтар беруге тапсырыстар оларды берушілер арасында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен орналастырылады.

2. Мемлекеттік резервке материалдық құндылықтар беруге уәкілетті орган та п с ы р ы с б е р у ш і б о л а д ы .

3. Мемлекеттік резервке жеткізіліп берілетін материалдық құндылықтар бүкіл сақтау мерзімінде техникалық реттеу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес к е л у г е т и і с .

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183, 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.**

#### **12-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде сақталады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері сақтауға берілген мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының сапасы мен саны жағынан сақталуына жауапты болады.

3. **Алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

4. **Алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

### **3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВТІ ПАЙДАЛАНУ**

#### **13-бап. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығарудың негіздері мен тәртібі**

1. Мемлекеттік резервті пайдалану:

1) жұмылдыру мұқтаждары үшін - Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдырудың тиісті жоспарлары негізінде;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз ету, ізгілік көмек көрсету және рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығару:

- 1) оларды жаңартуға байланысты;
- 2) қарызға беру тәртібімен;
- 3) броньнан шығару тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.
- 4) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.
- 5) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.
- 6) алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.
3. Алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.
4. Алынып тасталды - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.

5. Материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен қарызға беру тәртібімен шығару кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің кепілдік беруі міндетті ш а р т б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары, егер материалдық құ н д ы л ы қ т а р д ы а л у ш ы :

- 1) мемлекеттік бюджет алдында қарыздар болса;
- 2) мемлекеттік резервтің өзі бұдан бұрын алған материалдық құндылықтарын қ а й т а р м а ғ а н б о л с а ;
- 3) банкротқа ұшырау кезеңінде тұрса, қарызға беру тәртібімен ш ы ғ а р ы л м а й д ы .

7. Материалдық құндылықтарды қарызға беру тәртібімен шығарған кезде уәкілетті орган алушымен тиісті шарт (келісім-шарт) жасасады.

8. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту, броньнан шығару мақсатында шығаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

8-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мемлекеттік резервтің тауарларын сатып алуы уәкілетті органда немесе оның ведомстволық бағынысындағы ұйымдарда жүргізіледі.

8-2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз ету, ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару броньнан шығару тәртібімен жүзеге асырылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз

ету, ізгілік көмек көрсету үшін шығарылған материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервке кейіннен салу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды иеліктен айыру олардың құны толық төленген немесе аккредитив ашылған, не осы баптың 5-тармағына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің кепілдігі берілген жағдайда жүргізіледі.

10. Материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығарған кезде оларды сатудан алынған қаражат бюджет есебіне алынуға тиіс.

11. Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою кезінде пайдаланылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген мерзімде бюджет қаражаты есебінен заттай түрде өтелуге тиіс.

**Ескерту. 13-бап өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.10 № 483, 2006.07.07 № 183, 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **14-бап. Мемлекеттік резервтің қорларын рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін пайдалану**

Ішкі рынокта сұраным мен ұсыным арасында дағдарысты құбылыстар мен қауіпті сәйкессіздіктер туындаған жағдайда мемлекеттік резервтің ресурстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде және заңдарға сәйкес рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

#### **14-1-бап. Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару тәртібі**

1. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган тауарларға баға мониторингін жүргізеді және баға деңгейі нарыққа реттеушілік ықпал жасау қажет болған жағдайға жеткен кезде уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды - сауда қызметінің субъектілерін, сауда үстемесінің көлемін, бағасын және мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін материалдық құндылықтарды шығару қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

2. Уәкілетті орган материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығаруды сауда қызметінің субъектілерімен шарт жасасу арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырады.

Нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервтен шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуді сауда қызметінің субъектілері бөлшек

сауда арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

#### **15-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды қамтамасыз ету**

1. Төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдай енгізілген реттерде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды көлік ұйымдары бірінші кезекте жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде, оның ішінде зілзалалардың, авариялардың, апаттар мен басқа да табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою үшін мемлекеттік резервтен шығарылатын материалдық құндылықтарды меншік нысандарына қарамастан көлік ұйымдары жүкті тасымалдауға ұсыну бойынша алдын ала төлемсіз қабылдайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

### **4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВТІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

#### **16-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының мөлшері мен қозғалысы туралы есеп беру**

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының мөлшері мен қозғалысы туралы есеп беру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл орайда мемлекеттік резерв жүйесінің ұйымдарында және сақтау пункттерінде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қозғалысы бойынша есепке алу мен есеп беру мемлекеттік резервті сақтау жөніндегі қызметтерді және ұйым жарғысында көзделген өзге қызметті есепке алудан және олар бойынша есеп беруден бөлек жүргізіледі.

#### **16-1-бап. Мемлекеттік материалдық резервті құрайтын мемлекеттік мүлікті есепке алу**

Мемлекеттік материалдық резервті құрайтын мемлекеттік мүлікті есепке алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **17-бап. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен жүргізілетін операциялар бойынша мүліктік жауапкершілік**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен жүргізілетін операциялар бойынша мүліктік жауапкершілік Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен жүргізілетін операцияларға қатысушылар арасындағы шартта мүліктік жауапкершіліктің қосымша шаралары көзделуі мүмкін.

### **18-бап. Дауларды шешу**

Мемлекеттік резервті қалыптастыру және пайдалану процесіне қатысушылар арасында туындайтын даулардың барлығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шешіледі.

### **19-бап. Мемлекеттік резерв туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Мемлекеттік резерв туралы заңдардың бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарға сәйкес жауапты болады.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.07.07 № 183 Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*